


82.512.122

A 86

*III*



**АРЫСТАН  
ЖАЛДЫ  
ЗАҢҒАР  
ЖАЗУШЫ**



**АРЫСТАН  
ЖАЛДЫ  
ЗАҢҒАР  
ЖАЗУШЫ**



Алматы  
«Білім» баспасы  
2013

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 (5 Қаз)

А 86

**А 86 Арыстан жалды занғар жазушы / Құраст.: Сейфолла Оспан, Бекарыстан Мырзабай, Сәмен Құлбарак. – Алматы: «Білім» баспасы, 2013. – 592 бет.**

ISBN 978-9965-09-796-6

Қазақтың маңдайалды жазушыларының бірі, бірі емес-ау бірегейі, Халық жазушысы және Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік сыйлығының алғашқы лауреаты, халқымыздың ұлы тұлғасы Мұхтар Әуезов қалтқысыз сеніп, өзінен кейінгі әдебиет көшбасшылығын осы інісіне тапсырған – Тахауи Ахтанов жайлы бұл кітап, сөз жоқ, қалың оқырманының ойынан шығып, көңілдерін көл-көсір көркем сөз көусарына қандырып, ой орманына қарай жетелейді деп сенеміз.

Әдебиетіміздің сонау асқар шыңдары – Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Ғабиден және тағы басқалар сынды алып топ мойындап, жазған танымдық лебіздер мен мақалалардың өзі бір төбе. Оның бер жағындағы Таханның өз қатарлары – Әбдіжәміл, Зейнолла, Қалтай, Сафуандар мен Нығмет, Серік, Рахманкүл, Шериаздандар және іні-қарындастары Әбіш, Әнес, Марал, Оразбек, Төлеген, Фариза, Ақұштап, Рымғали, Есенжол, Маман, Сейфолла, тағы басқалардың мұндай ұлы жанға деген ыстық ілтипаттары еріксіз бас идіреді. Оған және Т. Ахтановты пір тұтқан өзге де жандардың өзекжарды сырларын қосыңыз.

Қысқасы, бұл жинақ, өз оқырмандарын бей-жәй қалдырмайтыны айлан анық.

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978-9965-09-796-6

© ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығы, 2013

© «Білім» баспасы, 2013

## ТАХАУИ ІНІМЕ ХАТ

*(Алғы сөз орнына)*

Қадірлі іні, дос Тахауи!

Сен берген кітабыңды түгел оқып шығып, осы хатты жазып отырмын. Әрине, сенің үлкен еңбегің, өзінді кең құлашынмен, өнімді өріс-өрнегінмен емін-еркін танытқан шығармаң «Қаһарлы күндер». Мына шығармаларда «бертін соқтың», «кемшін келдің» демекші емеспін.

Бұларда сен әдейі кіші жанрлардың әр алуанын талғап көруді мақсұт еткенсің. Өз ішіндегі басылмаған пернелеріңді де тіл-үй қаттырып, тебірентіп көрмек болғаның. Әрі сен пьесалар да жазып жүрсің. Сценарийді де қолға аласың. Осының бәрі заңды іздену жолындағы белбелестер.

Сол ретте, әрине, «Махаббат мұңы» жақсы повесть. Өзгелер қонымды, ұнамды әңгімелер (рассказ, новелла). Бұлардың бәрінің тақырыбы, адамдары, шындықтары — жалғанысыз, риясыз, зорлықсыз — әділ шындықтар. Сонысы ұнайды. Екінші — сен бір жақсы соңыға түсе бастапсың. Ол интеллигенция туралы жазу, өзіңмен замандас, қанағатсат қатарынды жазу — соларды және ішкі мәдениет өресіне қарай — ішіне үңіле, сезіміне бойлап жазу бар. Өте орынды, өте асыл іздену.

Бұл жолда алда көп-көп ыстық тартымды, аса қызу-қызығалықты, шын шабытты құштарлық туғызатын болмыстар, сәттер, шындықтар бар. Осы адамдар: жақсы, ойлы, саналы, арлы болса — халқыңның, қауымыңның да болашағы ғой. Осыларды көрсетумен бірге, сынаумен бірге баулу, бастау қалыптау да керек. Сен шынайы қызығарлық соңыға түскенсің. Соған мейлінше күдіретің де жетеді. Ілгері тереңдей, ірілей тарта түс, тарта бер. Бұл тақырыпта сен ұдайы әділ-адал дәл шындықтың өзінде боласың ғой. Қоспа, бояма, фальш мұнда керек емес. Бәрі өзің жақсы білетін өз ортаң, өзің жүзіп жүрген мекен-көлің.



Менде тағы бір қуанышты сүйсінген ойлар ұдайы қатар отырды (осы кітабынды оқу үстінде дейім). Ол: сенің өзіне сонша ет-бауыр, шабытынмен іні-бауыр екенінді сезіне отыру шақтары.

Мен сенің мақалаларыңнан, үлкен романыңның да кей бөяуларынан — осы менімен туыстас-ау деп ойлап жүруші ем... Ал мынада мен өзімнің сезімдерімді, сырларымды саған жаздырып, соған барынша сеніп, еліге еріп, ырза боп отырғандаймын. Әрине, әрбір шыншыл шығарма солай еліктіреді де, ал өз жүрегіне ұқсап сокқан жан тамырды жанбауырдай сезбеске шаран жоқ.

Мен сені, Әбдіжәмилді, Зейнолла, Тәкенді, Сафуанды — көптен бастап бөлек санайтұғым. Біз, Хрущев жолдас айтқандай «жәрменкеден қайту бетіндегі» жандарға қосылдық. Енді әдебиет болашағын ойламай болмайды. Сендерді сол болашағымыз дейім. Өзіме етене жақын дегенде сенен — менін жасырақ шағымда өзімнен таппаған жақсы сыпаттарды көремін. Сенің отын менен қызуырақ, сенде ерте түскен ой бар деп сенемін... Әдебиеттің арлы ойы болса керек дейім.

Сондықтан анау бір жылдардан-ақ саған, сендерге мен «безразлично» қарай алған емеспін. Алдарыңнан жауапты ойлы жаналықтарды өзге бар қазақтан молырақ күткен күйдемін.

Екінші бір өнімді топ: Мұхамеджан, Хамза, Зейін. Бұларды сендер көбірек түсіне ойласандар әділ болады. Олар жастай кетіп, ұзақ заман тұсалып қалған жігерлі талант, өмірге қомағайлық (жақсы мағынада) ала келген. Шығармашылық шабытқа да сондай қомағайлар. Өнімді еңбек етіседі. Сендердей, осылардай адамдарға байланысты болашақты үдей басатын, алғыдан асатын болашақты ойламасақ кім боламыз? Ал «алғы» дейтін қаншалық? Қанша кен қазына қалып қатпар өткенін жатыр? Шап-шағын ғана емес пе? Әсіресе, ол мәдениетті өнер боп та өсіп-піскен емес қой. Көбінесе көбікті толқын санап жүрміз ғой. Мен операция тосудамын. Сәлем, көп сәлем.

*P.S. Әбдіжәмил, Зейнолла бәрі-бәріне көп сәлем. Республика мерекесі бәріңе құтты болсын. Мен жүрегімен, тілегімен бәріңмен біргемін.*

*Мәскеу-Кунцево.*

*21.VI. 1961 ж.*

*Бірінші бөлім*  
**ЛЕБІЗДЕР. ТАНЫМДЫҚ МАҚАЛАЛАР.  
ПОРТРЕТТЕР**

---

*Сәбит Мұқанов*

**«ІРГЕ ТАСЫН....»**

«Ірге тасын Сәкен Сейфуллин қалап беріп кеткен Казак Совет әдебиетінің бүгінгі даму барысын өте жақсы дәрежеде деп кесіп айтуға әбден болады. Советтік дәуірімізді жан-жақты суреттеп бере білген роман, повестердің, әсіресе, соңғы кездерде көптен жарық көріп жатуы біздің әлгіндегі сөзімізді толық дәлелдейді. Үлкен суреткерлеріміздің қаламынан туған «Оянған өлке», «Қан мен тер», «Боран», «Ақбоз ат» сияқты сүбелі туындылар бүгінгі әдебиетіміздің тез жетіліп, жедел биігін әдемі белгілейді».

*Ғабит Мүсірепов*

**ҚҰЛАШЫ КЕҢ ҚАЛАМҒЕР**

Ұлы Отан соғысынан кейін әдебиетке келгендердің ішінен мен төрт жігітті, төрт прозаикті бөліп атап едім. Олар: Тахауи Ахтанов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Зейнолла Қабдолов, Сафуан Шаймерденов. Бұлардың қай-қайсысының да мүшел жастары партия мен үкімет тарапынан еленбей қалған емес. Ал, партия мен үкімет тарапынан олардың еңбегінің еленуі — халықтың бағалауынан туып отырады. Қалай дегенмен де, біздің осы жазушыларымыз, алпысқа алды енді келіп отырған жазушылар — екінші буынның көшбасшылары, керуен бастары. Бір кезде Сәкен, Бейімбет, Ілияс бастаған казак совет әдебиетінің жүгін олардан кейінгі Мұхтар бастаған адамдар мойындарына қалай алып қалса, енді поэзияда Жұбан Молдағалиев, Сырбай Мәуленов бар, прозада әлгі атаған төрт жігіт бар — қалған



міндеттерді солар мойнына алып отыр. Қазіргі қазақ әдебиетінің өресі солар шыққан биіктермен өлшенуге, белгіленуге тиіс.

Майданнан қайтқан Тахауи Ахтанов «Қаһарлы күндер» атты романымен Ұлы Отан соғысы тақырыбын бастады. Дәл осы тақырып – меніңше, Ахтанов творчествосының негізгі тақырыбы ғой деп ойлаймын. Сол романымен-ақ ол совет әдебиетіндегі Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазылған шығармалардың ішіндегі кеуде тұстағы туынды берді. Сол шығармасымен ол соғыстан кейінгі дәуірде әдебиетке келген жастардың алды болса, бүгінде алпысқа келгендердің де алдыңғы сапында.

Мұнымен бірге мен Тахауи Ахтановтың әдебиет пен көркемөнерге кұшақ аша жүргенін де қатты бағалаймын. Мәселен, Сераған (Серке Қожамқұлов), Қалекен (Қалибек Қуанышбаев) туралы пікірлерін оқығанда, риза болып отырамын. Бұл – өз тіршілігін, өзінің жазушылық қаракетін ғана ойлаған адамның ісі емес, халық мәдениетінің жай-жағдайын ойлап жүретұғын жанашыр адамның ісі. Жасыратын ештеңесі жоқ, жазушыларда қоғамдық іске белсене кіріспейтін жаман әдет бар. Ал Тахауи Ахтанов – жан-жақты, құлашы кең ойлы, пікірлі жазушы екеніне мен кәміл сенемін. Мұны кезінде қырағы көзді Мұхан, біздің Мұхтар Әуезов те бірден көрген еді. Мұхтардың сол байқағыштығы, сол сенімі бүгінде толық ақталып отыр ғой деп ойлаймын.

*Ғабиден Мұстафин*

## ІЗБАСАР

Жастық дәурен бастан өтіп, енді қарттыққа жеткен шақта адамдардың артына қарайлауы көп болады. Әрбір көп жасаған адам, – оның ішінде көп жасаған жазушы, – артына қарайлағанда, «Ізімнен кім келе жатыр, қалай келе жатыр?» деген оймен қарайды. Көп жасаған жазушының артында қалың оқушылары болмаса, өсіп келе жатқан талантты ұрпақтары болмаса, ондай көп жасаудың, ондай қарттықтың қуаныш-қызығы мәз болмаса керек. Мына біз де артқа қарайлағанымызла, кейін келе жатқан көптің ішінен аяқ

алысы ширақ, түсі игі, талапкер жасты көргенде қуанып қаламыз, көдімгі бір белге шыққандай көңіліміз көтеріліп қалады.

Біздің жас кезімізде, әдебиетке келген шағымызда, жазушылар саусақпен санарлық еді. Ал, қазір ондап, жүздеп санауға жеттік. Мәселе, не нәрсенің болсын санында ғана емес, сапасында ғой. Біздің саусақпен санарлық әлгі аз әдебиетшілеріміз қазақ әдебиетін өзінен ондаған, жүздеген жылдар озып кеткен әдебиеттермен тенеді деп айтуға әбден болады. Біз қазір совет еліндегі қай ұлт әдебиетімен де нық теңестіре алатын дәрежеге жеттік. Бірақ, қанша жеттік десек де, жеткен жерде тұрып қалу — артта қалу болып шығады. Әдебиет өмірмен бірге әманда өсіп, өркендеп отыруға тиіс. Ал, өмір бір жерде, бір қалыпта тұрмайды, жылжи береді. Әдебиет сол өзгеріп, түрленіп, құбылып тұратын өмірдің айнасы тәрізді. Өзі өмірдің шынайы кескін-көрінісі бола тұра, әдебиет өмірге әсер етуге де жарайды, өмірге жол сілтеуге де жарайды. Адам ойын, адам жүрегінің тәрбиелеуге қызмет етеді. Шын әдебиет әрқашан осыны көкसेген; шын жазушы да осыны көксейді. Мен өзім әдебиетке тек осы тұрғыдан қарап келген адаммын.

Ал, бүгінгі 60 жылдығын тойлап отырған Тахауи Ахтановқа келсек, бізден кейінгі, бізге тақау келе жатқан буынның ішінен шыққан шынайы жазушы. Ол әдебиетке келгенде: басында — солдат шлемі, үстінде — солдат шинелі бар қыршын жас еді. Тұшынарлық әдеби еңбегі әлі болмаса да, оның сөзіне, ойына, келешегіне қарап, біз оны үлкен үмітпен жазушылар қатарына қосып алдық. Әсіресе, мен оны қатарымызға қосып алуға үлкен ынта көрсеткен едім. Бүгін сол Тахауи Ахтанов 60-қа келген ақсақал болып отыр. Алпысқа ол бес томдық әдеби еңбегімен келіп отыр; сонау кездегі біздің үлкен үмітімізді толық ақтап келіп отыр.

Әдебиетке ақсақал болу — жазушы болудан бір де жеңіл емес. Мәселе сақалда тұрған жоқ, — сақал текеле де бар, — әдебиет ақсақалының әрбір сөзі, мінезі, ісі — барлық қылығы өзінің жақсы еңбегіндей, кейінгілерге үлгі болуға керек. Өзі кеткенде сол үлгісі кейінгілерге, халқына мұра болып қалып қояуы керек. Мен 60-қа келген Тахауиға сондай абзал ақсақалдықты тілер едім.



*Лияс Омаров***ҚАҒАРЛЫ КҮНДЕР, ҚАҒАРМАН ЖАНДАР**

Тахауидың бұл тұңғыш романы жазушының зор мүмкіншілігі барлығын көрсетті.

Жұртшылық үміттене қарайтын жастардың шығармаларында кейде кездесетін көптеген «әттеген-айларды» бұл роман жөнінде айта алмаймыз. Тақырыбы жағынан болсын, көркемдік құнарлылығы жағынан болсын «Қаһарлы күндер» әдебиетімізден келелі орын алатын шығарма. Романның бір қасиетті жағы – тілі. Аздаған кемістіктерін былай қойғанда, тіл байлығы жағынан әдебиетіміздегі белді шығармалармен тең түседі десек қате болмас.

Романның екінші зор қасиеті, кейіпкерлерінің тек сыртқы белгілерімен ғана емес, ішкі сыры, ой-мүддесінің тегіс және табиғи көрінуі кейінгі кезде әдебиетте психология деген нәрседен қорқудан туған қарадүрсіндік молайып кетіп, адамның ішкі дүниесіне үніле қарау дегенге немқұрайды көңіл бөлушілік болып келді. Бұл дұрыс емес, себебі мұндай әдіс шығарманы жер бауырлатып, тұралатып тастайды. Адамды, қалай десек те, геройларды қаракеуделіктен аршып ала алмаймыз. Ойламайтын адам болмайды. Адам жүрген жерде ой жүру табиғи зат. Бұл, әрине, кейіпкерлерді қиялшылыққа алып кету деген сөз емес. Әр нәрсенің өлшеуі болады. Бұл тек қана ісіне ойы сай болсын деген тілек. Дәл осы жағынан алғанда да романда ептеген асыра сілтеушіліктер болмаса, кемтарлық, жұпынылық сезілмейді. Бұл жөнінде ілгерілікте айтармыз.

Романның негізгі тақырыбы – Отан соғысы. Тарихта теңдесі жоқ бұл оқиғаны түгел қамту қиын. Автор алдына, әрине, ол мақсатты қоймайды да. Тахауидың алған мерзімінің өзі қысқа ғана, бірақ сол мерзім көптеген уақиғаларға да толы, тарихи маңызы бар мезгіл.

...Сонымен Тахауидың романындағы негізгі оқиға соғыстың зор жауапты шағы. 1941 жылдың күзі дәл осындай үрейлі күз еді. Оқиға желісіне қаһарлы күз өзек болып тартылған. Белинский ақын поэтикалық материал таппаса, поэтикалық шығарма да тумайды, дейді. Ал, Тахауидың материалы келісті, шығармасы қалай шықты екен, көпе, енді соған келейік. Талдау жасамас бұрын жол-жөнекей айта



кететін тағы бір жай кітапты оқып шығып, 368-бетін жапқаныңызда қатты тебіреніп, толқып қаласыз. Өмір мен өлім жағаласқан сергелден заманның, сіз бар каталдығы мен бар қаһарын сезіп, Ержан, Раушан, Мұрат, Боранбай, Добрушкиндердің етегінен ұстап, ұлы дүрмекке араласып кете барасыз. Сол тұрғыдан алып карағанда, романның басты бір қаһарманы – 1941 жылдың қаһарлы күндері сияқты. Романның сіз соны сезіп, әр бетін оқыған сайын үрейлі суық дүниеге қалындап кіре бересіз, жазушының мақсатына жеткені, бір үлкен іс бітірдім деп айта беруіне әбден болады.

...Кітап бойындағы тағы бір үлкен қасиет мынау: жазушы сізді әскер тиеген әлгі қызыл эшелонның соңынан ұстатып қояды да, басты геройларын бір-бірлеп сахнаға шығара береді. Әуелі жұрт алдына Ержан шығады; сонан кейін Мұрат, Уәли, Добрушкин, Купцианов, Көжектер дараланып, бар тұлғасымен шығып жатады. Олардың ой-қиялы, арман-тілегі, алуан үміттері сізді де аз тебірентпейді. Романда, міне, осы аты аталған кейіпкерлер қалай шыққан екен. Енді солар туралы пікірімізді ортаға салайық. Романдағы негізгі түпкі кейіпкерлердің бірі – Ержан. Ол – взвод командирі. Тахауи Ержанды өзгелерден үзіліп шыққан, командирлік қанына біткен адам қылып жекелемейді. Ол – малшының баласы. Өскен жері – ел арасы. Өмірде әлі үлгіргені аз, ескі өмір бұғалығын көрмеген, бейбітшілік жағдайда туып өскен, тәрбиеленген жас жігіт. Анкетасы жарты бет қағазға әрең сияды. Елпілдеген көңіл соғыс романтикасымен қабаттанып алуан түрлі ойға, үмітке бейімдейді. Ол тез уақытта рота командирі, онан батальон, полк, тіпті дивизия командирі болуды ойлайды. Кейде мылжындап кететін де әлеті бар.

Соғыстың бастапқы кезінде-ақ Ержанның ақ қарлың үстінде жеңіл шанадай сырғанаған көңілі, кара жерге қайырылып, қиял мен істің алшақтығын қатты сезіне бастайды.

Ержанның бойында кейін өрістейтін асыл қасиеттер де бар, соның ең күштісі жауапкершілік, жалпы азаматтық борышты былай қойғанда, Ержан өз карамағындағы қырықпақты адамның әрқайсысына жауап береді. Ол осыны қатты сезінеді. Ержанның екінші зор қасиеті ол әрқашанда өзін-өзі сынап, қайрап, өзіне қатал үнмен айтумен өршелендіріп отырады. Бұл жас жігіттің осалдығы емес, аса адалдығы және жауапкершілікті сезінуі. Өзін-өзі жене ал-



майтын адам өзгені де жеңе алмайтындығына Ержан түсінеді. Міне, Ержанның осы қасиеттерін романның ең инабатты адамдарының бірі Көжек жақсы сезінеді. «Тірі болса, адам болғалы тұрған бала» деп түйеді Көжек. Ержанда менменсу жоқ. Командир біткен данышпан емес, өмір тәжірибесіне бай Иван ағай басқадан үйрену керек дейді ол бір әңгімесінде. Ержан өзі бастаған солдаттардың сырын білуге тырысады, білмегеніне қатты ызаланады.

Бірақ Ержан алдына биік нысана қойып алады да, соған қалай да жетудің керек екенін біліп, өзін-өзі қамшылап, іштей қайрай береді, талшына береді, бұтақтан бұтаққа өрмелеп ілгері қарай тырмыса береді... Соның арқасында, ақырында біз Ержанның жақсы командир болып шыққанын көреміз. Оның өзіне қатал болғаны зая кетпейді. Оны жаман жолдан қағып отырады. Қиындыққа өз ісіне өзі қарауыл қойып қатал сыншыға бақылауға алғызып отыратын сияқты. Алғашқы ұрыстан кейін біз Ержанның әжептәуір-ақ бұғанасы бекіп, ширап қалғанын көреміз. Ол өткірлене түседі. Оның ширағанын өзінен бұрын солдаттары сезе бастайды.

...Міне дәл осындай өзіне-өзінің қатал болуы, жаңа жауапкершілік сезінуі Ержанның өскен шаруасының кенісідігі еді. Взвод басына қиыншылық туған сайын Ержан шыңдала түседі. Қатал мінез, өткірлік пайда болады. Оның «бойында өзі байқамаған бір құбылыс пайда болады. Өз ішіне қатал, әмірі күшті біреу кіріп алып бұрынғы аңғал, бейкам босан Ержанның әр қимылын, ойын, әрекетін қанысыз аңдып, қақпалап қатал жолға салып отыратын болды. Босансып бара жатса қатайып, еркінсіп бара жатса тежеп ұстайды. Жаңа ғана көңілі Раушанға елжіреп бара жатыр еді, сол әмірші желкесінен тартып, тұрғызып әкетті» (225-бет). Осы сыннан өткеннен кейін Ержанның көп өскендігі, ысылғандығы сезіледі. Сонымен Ержан жүре келе қанды ұрыстардың азабын арқалап өседі.

Романдағы соғыс оқиғасының шыны болып есептелетін танкілермен соғысқа Ержан да, ол бастаған солдаттар да ширап, дайындалып барады. Мұндай талай тар өткелден өтіп келу оқиғаның шындығын, нанымдылығын сипаттайды. Қорыта келіп айтқанда, Ержан келісті шыққан бейне. Бұл өрпінге Ержан образының кемшілігі жоқ деген сөз емес.

Ержан Раушанды шын көңілімен сүйеді. Бұл жас жігітке



табиғи нәрсе. Ержан сүйіспеншілігін автор трафаретпен бермей, оның өз мінезіне, өз адамшылығына сәйкес етіп, кедір-бұдырлау етіп береді. Ержанда қулық-сұмдық жоқ, тек елжіреген жүрегін қолына алып, өзінен-өзі қысылып, қыз қасында көбірек болғысы келе береді. Кейін қыз көңілі Уәлиге ауып кеткенде ол қатты күйінеді, бірақ сүйіспеншілік оты сөнбейді...

Ержан бастаған взводтың солдаттары романда әрқилы өзінің табиғи өзгешеліктерімен көрсетілген. Олардың көпшілігі өмірдің нық ортасынан майданға алынған еңбек адамдары. Арасында өмір жолы қиық-жикы Добрушкин сияқтылар да бар. Біз солдаттар тобынан суырып алып алдымызға тартылған роман кейіпкерлерінің екеу-үшеуіне аздап тоқталғымыз келеді. Солдаттардың ішіндегі ең сүйкімді образ – Көжек. Бұл халықтың ішінен шыққан төл өкілі. Қазақтың көптеген асыл қасиеттерін Көжек бойына жинаған. Көжек образын ойлағанда Сәбиттің «Сыр Дария» романындағы Сырбайы, Ғабиттің «Оянған өлкесіндегі» Байжаны, Зейнолланың «Өмір ұшқынындағы» әкесі есіңе түседі. Көжек солардың бәрінен мүмкін өмір тартысында төменірек тұрған болар, бірақ бұлардың барлығы бір заттес, бір түбірлес халықтық адамдар. Көжектің көңілі жас бала көңіліндей кіршіксіз таза, ойлайтыны кілең жақсылық. Бір ғажап жері сол – олпы-солпы қарапайым Көжек тұрған бойы оптимист. Оның аузында ылғи халыққа көп тараған нақылдар, ол соларға сеніп әрқашанда өзіне жұбаныш айтып жүреді. Бұл діншілдіктен туған әдет емес. Көжек халық сенген нәрселерге иланады, оның ұғымында халықтық ұғым бар. Автор Көжекті романда сарандау көрсетіп отырады, бірақ ол көрініп кеткен жерінде Көжектігінен айнымай көңіл тартып, сағынған бауырындай табысып отырады...

Көжек тектес образ – Бондаренко. Бұл да халықтың арасынан алынған еңбек адамы. Жасынан қылтың-сылтыңы жоқ, ауыр адал еңбекке тәрбиеленген, еңбек езгілігіне суарылған ақылды адам. Бондаренконың тамыры қоғамдық өмірге терең бойлаған...

Романдағы қызықты бейнелердің бірі – Добрушкин. Оның бойына сіңген жексұрындықтардың бәрі табиғатына біткен заттар емес, тәрбиесімен келген тасынды заттар. Ол жасынан өмірдің ық жағына шығып, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруге бейімделеді. Добрушкиннің бұл



талабы табиғи қоғам өмірімен түйіскенде оны талай тунғыық ылдиларға ысырып тастап, қонылтактық өмірге бейімдеп, өмірдің өгейі баласы етті, бұзды... Осындай арамзалық жексұрын философияны нық ұстап жүрген Добрушкинге соғыс қимылдары өзінің әсерін тигізе бастайды. Қауіп бұлты қалындап, қиыншылық молайған кездегі жауынгерлердің бірлігі оны таң қалдырады...

Добрушкин танкілермен соғыста ерлік жасап қаза табады. Біздіңше, бұл Добрушкин өмірінің ақыры емес басы сияқты көрінеді. Дәл осы жерде оның өлгеніне қайғыру мен адамгершілік қасиеттері қайта тірілуіне айналған сезім оқушыға қатарласа келеді. Ол бұрынғы жексұрын өмірде тірі өлік еді, енді өзінің өлімімен нағыз өмірге қосылды деген ұғым туады. Добрушкин бейнесі – қиын да қызықты бейне. Романдағы елеулі образдардың біреуі – Мұрат. Жинақы, мінезі өткір, ойы кең, көп нәрседен хабары бар Мұрат мәдениетті, қайратты командир. Ол Ержандай жұмыртқаны жана ғана жарып шыққан сары ауыз балапандай жас емес, өмір соқпағын көрген, тәжірибесі бар ысылған алам.

...Соғыс кісінің кісілігін тез арала көзге түсіреді. Соғыста ішкі дүниені жасырын қалу қиын, не олай, не бұлай нығу керек, қикаңдауды соғыс көтермейді. Сол себепті арамдық та соғыста тез әшкереленді. Тахауи романында ең жексұрын образ – Уәли. Мұндайлардың өмірі сын сағатта дымдалған сірінкенің басындай әрі кетсе бір бырс етіп, ұшқынсыз жоқ болады... Уәли – тәуір суреттелген бейне. Тахауи оның сұмырайлығын аямай тілгілеп, оқушыларға ит өлімімен өлген Уәлиге лағнет айтқызады.

Уәли типтес образдық бейненің бірі – Купцианов. «Ит пен ит жерошактың басында кездеседі» легендей, бұлар басын қосып, ауыз жаластырған мақсат – мансапқорлық. Әрине, Купцианов Уәлиден ақылды, соғыс жөнінде оның мағлұматы әлдеқайда кең. Купцианов сыр алдырмайтын мансапқор. Өзінің сырт айбатын алдырмай терезесі тең отырып-ақ бастықтың буынына түсіп болады. Ал, өзінен дәреже-шені, қызмет орны кіші кісілерге аса қатал, үнемі зәрін сыртына жиын, сызданып алады да, кісіні онша бойына жуықтата бермейді... Ештеген ойы мен ісінің қайшылығын есептемегенде, Купцианов шындыққа бейім шыққан бейне.

...Біздің ойымыз: бұл Тахауидың тағы бір мықтап оралатын шығармасы. Сол кезде шығарма тіліне аса қатты қарап,



карпуын алатын, бояуын қанықтыра түсетін жерлер көп-ақ; сонысына қарамастан «Қаһарлы күндер» жас жазушының жұртты қатты сүйсіндіріп тастаған үлкен еңбегі — «тұла бойы тұңғышы». Оның бойынан әлі талай шығарма беретін мол күш сезесіз.

*Мұхаметжан Қаратаев*

### «ҚАЛАЙ ДЕГЕНДЕ ДЕ...»

Қалай дегенде де, «Қаһарлы күндер» совет жауынгерлерінің ұнамды образдарын бейнелеген туындылардың ішіндегі ең көлемдісі де, көрнектісі де. Толық мағынасында әскери роман жанрына жатқызарлығы да осы кітап. Бұл кітаптың басым ерекшелігінің психологизм екенін айттық қой. Совет жауынгерлерінің майдандағы жаппай ерлігінің сырын қаһармандарының психологиясы арқылы ашу — автордың, сөз жоқ, жаңалықты табысы еді. Осыған байланысты оның тағы бір ерекшелігі — қаһармандар характерін даму, өзгеру калпында алуы. Ахтановтың көп кейіпкерлері майданда, әркілі ұрыстар түсында ширап, шындалады, бұрынғы мінез-құлық, әдеттерінен арылып, жақсы сипаттарға ие болады. Бұл тәсіл бұрын соғыс көрмеген қарапайым адамдардың соғыс кезінде ысылған саналы жауынгер болып қалыптасқанын, олардың рухани өсіп жетілгендігін көрсету үшін ұтымды тәсіл боп табылған.

*Әбу Сәрсенбаев*

### ЗАМАНДАС ЖАЙЛЫ ТОЛҒАНЫС

#### I

Дала, дала. Бұтасыз да, бұдырсыз дала. Ақшұнақ боран үйіріп, азынап дүлей ұлиды. Сай-саланы күртек көміп, көз аштырмай құтырына ұйтқиды. Бойдағы бар жылуды аяз тілімен сорып, қойын-қонышынды бұрқасынға толтырады. Үскірік тырнағымен бетінді оскылайды. Қазір жел мен аспан арасы тұтасып кеткен — ақ топан. Бүкіл тіршілікті



түншықтырып тастардай есіле қопарылған тек қана ақ жын әлекет. Тіпті бетегелі бел, құнарлы жер деген ұғым қалмағандай. Тек телегей ақ мыстан. Көңілге үрей туғызып, кейде боран үнімен ұласа, кейде сені мазактап, сықылықтайды, күледі. «Тіршілік біткеннің бәрін аяз құшағымен үсіріп болдым, ақ кебініммен көміп болдым!» деп ішегі түйіле күледі. Өз құдыретіне өзі мәз. Ұйысып біткен ақ түтек шамын шұбатып, құтырына, жындана билейді. «Үу... үу... аж-ж... бәрін де үсірдім».

Жок, кателесті карт мыстан! Бұл далада әлі де тіршілік бар. өмір бар. Қар бораны ғана емес, қорғасын бораннан да жасқанбаған, ажалдан да жүз ықтырмай, өлім көзіне өктем қараған сом тұлғалы адам бар. Ол – өзінің бүкіл жастық дәуренін, бүкіл арман-қызығын Отан намысына, Женіс жолына қиған кешегі солдат Қоспан Ноғайбаев, бүгінгі шопан Қоспан. Әне, ол осы бір ақшұнақ боранмен алысып қой сонында келеді. Сом кеудесін бейнебір мойырылмас намыс төсіндей елге төнген ажал балғасына қарсы тосып, октан құлай тұрса да, окка қарсы ұмтылған сол баяғы жаратылысына тән жанқиярлық қалпында жыңды дүлеймен алысып келеді, қарысып келеді. Кеше елге төнген ажал балғасына болат көкірегін тосса, бүгін ел ырысына төнген қатерге аршын жауырынын тосады. Ақ топанда ыға жөнелген қой отарын, үлкен Отанның өзіне тапсырылған кішкене бір бөлшегін сом денесімен қорғамақ болады. Оң қолында ақ таяқ. Сонау шопан ата кезінің тозыңқы мұрасы. Қой отарының шаруашылығына ешбір жаналық еңбеген. «Бұл малға тек артына түсіп, «шәйт, шәйт қойым, шәйт қойымнан» басқа не еңбек сіңірдік... Сен қойсың, жуассың. Суды да, шөпті де өзін тап. Тіпті аузыңдағы шөпті жұлып алсам да үн шығарма! Маған ет бер, сүт бер, жүн бер! Шәйт, шәйттен басқа еңбек сіңірмей осыны талап етеміз! Неткен ұятсыздық, неткен озбырлық! Еңдеше далада жортқан киікті де менің малым деп санауға болар еді ғой. Әттен, қой жарықтыққа тіл бітсе-ші! Айтысар елі-ау, адаммен. Бетін шиедей қызартар елі. «Еу, бақташым, сен ғой анау Ғабекеннің «талпақ танауына» соншама шөп бересің, соншама еңбек сіңіресің. Ал, мен ше, мен? Адамға берер ырысым сол шіркіннен кем бе екен! Жарайды, жаз бен күз, тіпті қыстың да ашық күндерін өз мойныма алайын. Ең болмаса мынадай боранды күндерде талшық дайындасандаршы. Әйтпесе маған қожалық етуге қандай хақыларың бар?»



дер еді... Жұт, сол баяғы бабалар кезіндегідей жұт. Мың қараны бір боранға жұтқызып, жүген ұстап қалатын көне заман болмысы! Ал біз қазір осынша бейшарамыз ба, осыншама дәрменсізбіз бе?»

Ақ тентекпен алысқан кешегі солдат Қоспан, бүгінгі шопан Қоспан осылай толғанады, осылай налиды. Әрине, ішкі монолог, ішкі сыр. Қоспан мұны дауыстап айтпайды. Мүмкін тіпті айтып та келе жатқан-ды. Алай дүлей бізге ол дауысты жеткізбей, күрткі астына көмеді. Тұншықтырады, тыйым салады. Боран мінезінде де Қасболат (Шахан Мусин, Асанәлі Әшімов) қаһарына ұқсастық бар. Ол да Қоспан үнін осылай өшірген. Отар тіршілігіндегі кемшілікті көрсетіп, отар өміріне жаналық енгізу жөніндегі жақсы ұсыныстарын колхоз кеңсесіндегі күлдіктер арасына көме салған-ды. Жетпесе Қоспанның адалдығына шек келтіріп, ақ жанына ақау салған-ды. Қоспан басында осындай шытырман ауыр ой, ауыр нала. Ақ дүлеймен алысып келеді.

## 2

Дәуіріміздің аса бір ауыр, аса бір жауапты кезеңінің тұтас шындығын камтыған «Боран» спектаклінің шымылдығы осындай аласапыран, апат көрініспен ашылады да, одан әрі кезектесіп отыратын заңды шегіністер арқылы Қоспан өмірінің бел-белестерімен танысамыз. Жок, бұл тек Қоспанның ғана емес, бүкіл бір буынның, Қоспанға тұстастар өмірінің жиынтығы!

1941 жыл. Алғашқы баланың әкесі, ақжарқын жанды, жас Қоспан. Жұмыстан оралған беті. Тамақтануға да, тыныстауға да мұрша жоқ. Тағы да верстак жанында, ағаш шабумен шұғылданады. Жаңадан үй көтермек. Тұңғыш ұлы ерке мінезімен қызықтырып, әке мойнына асылған. Әке құшағында рахаттанып ұйықтап кетеді. Жас әке тұңғышының жүзіне бар мейірімімен үнілген. Көзінде бақыт күлкісі. Оятып алмауға, ұйқысын бұзбауға тырысады. Тек ерінің ғана шүйіріп, бетіне жақын апарады да, өзіне-өзі тоқтау салады. «Бөлмейінші ұйқысын!».

Ақжарқын әке осы сәт қандай ойлар толқынында, қандай арман қанатында болды екен? Қайтып көрмес тұңғышын ең соңғы рет құшақтап, ең соңғы рет еркелетіп тұрғанын сезді ме екен? Жок, әрине, сезген жоқ!



«Соғыс, соғыс!».

Кенет бірнеше ауыздан сан рет қайталанған осы бір жалғыз сөз, үрейлі, ызалы, салқын сөз осыдан бірер минут қана ашық аспандай жадыранқы қабакқа қаһар болып қонақтады да, ана мен бала кездеріндегі бақыт күлкілерін қасірет топанына тоғытып, кірпіктерге жас моншағы болып тізілді. Қоспан бар қызығын артқа қалдырып, Отан намысын, семья бақытын қорғау үшін майданға аттанды.

Бұдан соңғы шегіністе орталық кейіпкер сахна сыртында ғана ойнап, бірінші орын Жаңылға беріледі де, солдат жұбайының тағдыры, Жаңыл басындағы ауыр жағдай, аянышты трагедия баяндалады. Қоспан хабарсыз кеткен. Өлі-тірісі де белгісіз. Бірақ Жаңыл күдер үзбейді.

«Түн ішінде түндей қара шал қакты жесірлердің жетім қалған есігін!» Сол түндей қаралардың бірі – Жаппасбай белсенді «Рахматұлла Сәлменов» жаны жүдеу солдат жұбайының есігін тіпті қақпастан кірді. Арағын, шұжығын алып кірді. Әрине, қажыған жанға жігер беру үшін емес, үрей тұғызып, мазақ ету үшін кірді. Қоспан саусағынан мөлдір жүрек әуенін жеткізер қасиетті домбыраны нас саусақтарымен қағып, қак төрде еркінсіп жатыр. Қара жүрегінің түбіндегі пасық ойын арсыз қарашықтарымен жеткізіп, Жаңылға сұқтана қарайды. «Қоспаннан хабар жоқ қой... Ие, хабарсыздардың бәрі неміске сатылып кеткен көрінеді ғой...»

Міне, Жаңыл қасіреті, Жаңыл бақытсыздығы, тек Жаңыл ғана емес, Қоспан трагедиясы, жалпы осы семья ортақ ауыр трагедия сол кештен, сол сағаттан басталады. Жаппасбай – тек бұл үйдің ғана емес, талай семьяның бақытын ұрлаған, талай үйдің бақыт шаңырағын өшірген бақыт қаракшысы. Әрине, былай қарағанда Жаппасбай тек кіріп қана шығатын эпизодтық кейіпкер тәрізді. Ал тереңірек үнілсек, ол сонау бір үрейлі кезеннің көңіл шошытар елесі. Бәлкі, Қоспан мен Жаңыл бейнелерін сомдай түсетін, тереңдете, аша түсетін де осы персонаж деуге болар еді.

### 3

Ал Ұлы Отан соғысы салтанатты жеңіспен аяқталды. Кешеуілдеп болса да Қоспан аман оралды. Өткенге салауат, алдымда қуанышым бар деген үлкен үмітпен қайтты. Үйге кірген бойда Жаңыл жүзіндегі түнерінкілікті аңғаруға төзімі

жетпей, жүгіре жөнеліп тұнғышын іздеді. Әкеге тартқан өнерлі баланың өз қолымен жасаған автоматын ғана тауып әкелді. Қоспан ойында әлі де суыну жоқ, ол баяғы аңғал, ақ жанымен күліп тұр. Автоматты аударыстыра карап күледі. Сүйікті ұлының есімін атап, алақтай береді. Қазір сол баяғы, бұдан 4-5 жыл бұрынғы ерке мінезімен жайрандай келіп мойнына асылар деп сенеді. Бірақ тұнғышын қайтып көруге қатан тағдыр жазбаған. Тағдыр оны Жаппасбай қолымен Жаныл құшағынан жұлып алып, салқын кабір койнына берген-ді.

Жә, Қоспан бұл сокқыны де көтерді. Амалсыз көтерді. Көңілін суытты, көндікті. Бірақ Қоспан азабы осымен аяқталды ма? Талай бір кадр бөліміне үміттене кірсе, мұнайып, мойып шығады. Қайда барса сезіктену, қайда барса «тұтқында болыпсың!» Есітер сөзі осы ғана. Кіл қорлау, кіл азаптау. Өз диалогымен айтсақ, «анасының бауырынан жұлып тастаған соқыр күшіктей» шетке тебу. Бірер жерден орын табыла қалса, алдынан тағы да Жаппасбай шығады.

Мұнайып қайтқан Қоспан жүзіне кенет күлкі оралды. Тіпті ойламаған, күтпеген жерден майдандас досын кездестірді. Қарапайым дос қана емес, мәртебелі адам, өз командирі. Тар жол, тайғақ кешуде үлкен сенім білдіріп, батальонды қоршаудан құтқару үшін Қоспанды тосқауылға қалдырған Қасболат. Сүйікті командирін көрген сәтте Қоспан қуанышында шек болды ма! Бүкіл азап аяққа басылып, нығына бақыт орнағандай сезінді Қоспан. Бұған шек келтірген жоқ. Бірақ бақыт құсы бұл жолы да нығына сапты. «Тұтқында болыпсың!» Қасболат та осыны қайталады. Бұдан да жүрегіне семсер қадасашы! Ау, бұнысы қалай! Баяғыда ең жауапты жауынгерлік тапсырма жүктеуге сенген. «бүкіл оқты өз үсіңе ал!» деп өлім аузына қалдырған батыр солдаттына бүгін неге сенбейді?

Достан да, дұшпаннан да көңілі қалып, әбден жүдеп қайтқан, күйреп қайтқан, жазықсыз жазғырылып күйінген Қоспан өз үйінде түнеріп отыр. Қорланып отыр. Кендір арканның тұйығына табанын салып, шірене тарта түседі, тінін ширата түседі. Не өзін, не жазықсыз жазғырушыларды бұындырмақ болғандай. Әйтеуір оның төзімі әбден тозып біткен. Қазір тіпті өзгені қойып, Жанылдың да сөзін көтерер жайы жоқ. «Енді сен де ауырлай бастадың ба, сен де шектене бастадың ба?» Қорланған Қоспан жүгіре шығып, екпетінен құлайды. Кеше соғыс кезінде де дәл осылай құла-

ған-ды. Ұлы Отанның құлашы жеткен кішкене бөлшегін қанымен жуып құшақтай құлаған. Айырмасы тек сол ғана. Кеше «өткізбеймін, бермеймін!» деп жанқиярлық білдірсе, бүгін жылайды, қорланғаны үшін жанымен күйіп жылайды. «Мен осы жердің топырағынан жаралмап па едім? Мені жұлып тастауға кімнің қақы бар?».

Сөз арасында айта кетуіміз керек, бұл шегіністерді күрсінбей, көзге жас алмай көру мүмкін емес. Артист Ы. Ноғайбаевтың Қоспан бейнесіндегі ойыны мүлтіксіз десек, ал мынау тұсты ең шүйдесі, ең биігі деуге болар еді. Тіпті кекселенген драматург пьесадағы осы бір персонажды тек Ноғайбаев үшін жазған да, Ноғайбаев сол керек тұлғаны сомдап шығару үшін туғандай!

Жалпы пьесадағы әрекеттердің, мінез қактығыстарының ең шүйделенген тұстары осы. Ал одан әрі Қоспан ауылға барып, қой отарының бақташысы болды. Қырсық сөйле бастады. Қоспан ауызға іліне бастады. Жалған мадақ емес, адал енбегімен көрінді. Аудан жетекшісі Қасболат та жылы кабак білдіргендей. Тіпті оны Енбек Ері деген атакка ұсынар ойы бар. Бірақ бұл Қоспан үшін емес, Қасболаттың өзі үшін қажет мадақ. Қасболаттың жалған данк биігіне көтерілуі үшін ғана керекті тағы да жалған баспалдақ. Сол баяғы Қоспанды оқ аузына тастап кеткені тәрізді, қолайлы сәтте жалт беруге, шектенуге, жазғыруға дайын. Жаныл диалогымен айтсақ, бұған Қоспан емес, данк керек. Данкка апарар жол – мал басын көбейту. Ал, қалай көбейту керек? Шаруашылықты жана жолмен басқаруға кабілет жоқ, керінау жетекші оған басын да ауыртпайды. «Кемшілікті де көрме, талап та қойма!» Касекенді мадақтай бер, мактай бер. Тіпті казір, мынау аласапыран әлекет кезінде де қынжылтып тұрған, қоймен бірге аққан Қоспан тағдыры емес, мал тағдыры. «Шайтанның әмірі, Қасболаттың қалауымен» жемсіз, сусыз көбейіп, Қасболатты жалған мадақ тұғырына қондырар мал «тағдыры!». Ауданды аяғынан тік тұрғызып, ізлеу салғанда да Қоспанды емес, малды іздеді. Қоспанға сенбейді, шүбәланады. «Кім біледі, қандай ниетпен?» Сондықтан да «тұтқын» Қоспаннан қойды, өзіне керекті данқты күтқарып алмақ. Ал Жанылға ше? Данк емес, әділет керек. Қоспан керек! Ол Қоспанды үш рет жоғалтқан. Тұңғыш ұлын, сүйікті жарын Жаныл құшағынан жұлып әкетушілер – мынау сазарып тұрған Қасболаттар мен үрейлі кезен

кескіні Жаппасбайлар. Жок, Жаныл бұған көнбейді. «Кәсеке, сізге данқ керек, ал маған Қоспанның өзі керек!» Я. Жаныл Қоспаннан, әділеттен айрылғысы келмейді!

Соңғы шымылдық осылай жабылады. Бұл — әдебиет әлеміне Ұлы Отан соғысынан кейін ғана келсе де, бүгінгі талғампаз оқырмандарымызға сүйсініп қабылдар туындылар берген кешегі Отан соғысының солдатты, бүгінгі көрнекті прозаигіміз, кекселеніп қалған драматургіміз Тахауи Ахтановтың «Боран» деп аталатын жана пьесасы. «Боран» дарынды автордың Одак көлемінде мақталған «Дала сыры» повесі бойынша жасалған. Кешегі дала сыры, бүгінгі сахналық туындыға айналған «Боран» — советтік дәуірдің ширек ғасырға жуық кезенін қамтыған өмір айнасы, өмір шындығы. Я. шындық болғанда да, біздің ілгерілеуімізге бөгет болар кесепаттардың ешқайсысын бүркемелемей, батыл көрсеткен ащы шындық! «Боран» — мылқау табиғат бораны ғана емес, тағдыр бораны, аласапыран үрей тұсындағы әлеумет өмірінің, жазықсыз жазғырылған адам жанының бораны. Қоспан семьясына ортақ трагедия дүлейі. «Боранда» біз сол тағдыр дүлейіне, тағдыр сокқысына төзе білер адам бейнесін, замандас бейнесін көреміз. Ол әзірге сан алуан сәтсіздікке кездесе тұрса да, мойымайтын, сомдалып шыныққан кесек тұлға, тағы да орталық кейіпкер Қоспан тұлғасы. Қоспан әділет іздейді. От басының, өз басының ғана әділетін емес, қоғам өмірінің әділетін іздейді. Қоғам денесіне жабысқан дертті аңғарады. Ол жалған данқ тұтқыны — Қасболат, сонау бір үрейлі тұстың сілімтігі, талайдың арман шырағын өшірген бақыт қаракшысы — Жаппасбай. Әттең, Қоспан қолында құдырет болса, оларды қоғам денесінен сылып тастар еді.

Міне, «Боранның» философиялық түйіні осындай. Бір күннің, бір семьяның, бір шаруашылықтың ғана талабы емес, қоғам өмірінің, жалпы адамгершіліктің, қоғамдық өрлеу жолының талабы, өмір диалектикасы!

Режиссер драматургтің шағын ғана туындыға сыйғызған осындай философиялық ойын дұрыс ұғынып, көріктендіре жеткізген.

Пікірімізді қорыта келгенде айтарымыз: «Боран» дәуіріміздің ширек ғасырға жуық кезенінің талай ащы шындығы қамтылған, замандас тұлғасы кесек бейнеленген сәтті туынды. Драматург пен театр коллективінің жана табысы.

1968.



*Әбдіжәміл Нұрпейісов*

## ӘДЕБИ ӘЛЕМДЕГІ ШЫРАҒЫ СӨНБЕЙДІ

Бүгін, мінекей, ісі қазақтың ұл-қыздары халқымыздың тағы бір озық ойлы, ақиық азаматын, аса көрнекті жазушысын кара жердің құшағына беріп, мәңгі-бақи қоштасқалы көкірек қарс айырылып, мұңға батып тұрсындар, ағайын! Қаралы қаза баршамызды батпан салмағымен еңселеп езіп алған. Ауыр қаза үстінде сезім жидіп, жүйке босап, өзін де қанаты сынған құсша бауырыңмен жерге соғылып құлап түсіп, сана сәптіреп тұрған осынау шақта бір-бірімізді сөзбен жұбатып, көңіл делбегеннен басқа не айту керек.

Рас, кешегі өткен сол Әуезов, сол Мұқанов, сол Мүсірепов пен сол Мұстафиндерден кейін қазақ әдебиетінде, әсіресе қазақ әдебиетінің проза, драматургия һәм сын жанрында Тахауи Ахтановтың дараланып, оқшау тұрған өз биігі бар. Ахтановтың құдыретті таланты сомдап сокқан әдебиет әлеміндегі осы бір өзіндік сипаты бар сәулетті, сәнді, биік отауы қазір біздің өз елімізді былай қойғанда, бүкіл Ресейдің бас-аяғын айтпағанда, Батыста Еуропаның, Шығыста Азияның біраз ел-жұртының көзіне ілініп, көкірегінен жылы орын алып, саналы қауымның сый-құрметіне бөленіп отырған шағы еді.

Біз бір заманның төлі едік. Қатыгез қатал заманда өмір кештік. Тағдыр да бізді тумап жатып тас шенгелінде сығып бақты. Бойымыз бекіп, бұғанамыз қатпаған әне бір бүлдіршін кезден біздің ұрпақ кешегі ел басына күн туған қаһарлы шақта әкелерімен, ағаларымен бірге шыбын жанын шүберекке түйіп, от пен октың астында жүрді. Қанша жас қыршынынан қиылды. Соның ішінде шанышқыдан жырылған шабақтай ажал тырнағынан аман қалған қазақтың азғантай талантты перзенттері, кешегі Жұбан, Сырбай, бүгін ақырғы жолға шығарып салғалы бетін ары бұрып, пәнилік боп тұрған Тахауи мен тағы біраз топ ел-жұртқа аман оралған едік-ау.

Қиналғанда, көрмейсің бе, қайдағы-жайдағы еске түсіп, Махамбет айтпақшы, қабырған құлды бір-бірлеп сөгіліп жатқандай. Әлгі ок пен оттан орала сала, көп ұзамай қазақтың мандайында жарқыраған бір-бір жарық жұлдыздай болған біздің ұрпақтың бетке ұстаған мақтаныштары қазір бірінен



кейін бірі кетіп, қатарымыз кәдімгідей-ақ селдіреп қалды. Тұстары азайған бір кезде атакты Виктор Шкловский айтса айтқандай, көріп тұрсыздар ғой кәзір менін де кеше қан майданнан әдебиет майданына бірге келіп, бір мезгілде қалам ұстаған қанжығалас достарымның телефоны жазылған қойын дәптерімде сызылмаған есімдер тіпті аз қалды.

Әдебиетке от пен октын ортасынан оралған сол бір ат төбеліндей аз ғана топтын ішінде Тахауи, шынын айтқанда, қаламы әрі қарымды, әрі алымды, өжет өткір жан еді. Иығынан көпке дейін әскери киімі түспеген қараторы жас жігіттің жалыны мен жігері сыртына теуіп, көзінді тойдырып, көнілінді қуантып тұратын. Ішіміздегі аркалы әруақтымыз да сол сияктанатын. Әсіресе, топқа түскенде өжет жан екі жүзі бірдей қайралған ақ алмасша өткірленіп, өр мінезімен жарып шығатын наркескен, кескекті ердің сойы еді. Кейбір кезде осы мінезі оны әнебір қия жартасты да жарып шығып, «қане, маған не істейсін?» дегендей қияңқыланып, жел-күздің өтінде қасқайып дара тұратын иір бұтақты емен сияктанатын. Көктегі Құдайға емес, жердегі адамға табындырып қойған әнебір заманда да қайсар, өжет жазушының қаламы рақымсыз заманның ыркына көне қоймай, ағысқа қарсы жүзген мұзжарғыш кемеше сол кездегі күллі совет қаламгерлері ішінде бірінші боп қырдағы қонын күн тескен қойшы өмірінің басындағы адам төзбестей ащы шындықты жазды. Бұл Ахтановтың қан майдандағы жанын оққа байлап, жауға шапқан ерлігінен бірде кем түспейтін әдебиет майданындағы азаматтық ерлігі еді. Жарты ғасырға жуық творчестволық ғұмырында азаматтық ары мен жазушылық парызын адал ақтап, тірлікте тәкаппар басын таққа да, тақта отырғандарға да иместен, дүниеден шалқактап басып өтті. Бұл достық сезімнен туған әлдеқандай жеңіл-желпі айта салған желеу сөз емес, оның көзі тірісінде баршамыздың көкірегімізде баяғыда қалыптасқан халықтық ұғым. Ұғымға айналған пікір.

Тахауидің бетін топырақ жапқан бүгінгі күннен кейін соныра әлі талай таң атар, талай күн шығар, талай айлар, жыладр өтер. Халық аман болса, казак топырағына Тахауидай әлі талай талантты ұл-қыздар келер. Олар да біздің Тахауидай өнерін өрге шаптырып, халқының абыройын көтеріп, аруағын асқактатып, талантына талай ел-жұртты тамсандырап. Бірақ, жыл артынан жыл өтіп, ұрпақтан кейін ұрпақ



келіп, заман жаңғырып дүние өзгеріп, өнер өрлеп шығанғы шарықтап жатса да, бірақ сол заман, сол қоғам, сол дәуір мен дәуренде де біздің Ахтановтың әдеби әлемге орнатқан әсем отауына көзі тіріде өзі жағып кеткен шырағынын сәулесі сөнбес-ау!

Топырағың торқа болсын, досым!

*Қалтай Мұхамеджанов*

## КЕМЕЛ ЖАС, ЖАРҚЫН ТАЛАНТ

Ахтанов – әдебиетте өзіндік беті, өз тақырыбы, өз машығы бар, сөз табиғатын тапжылтпай танитын жазушы. Ол – жер басып жүргендер түгілі, келешек ұрпақтар да кастер тұтатын, етігімен су кешкен, кеудесімен оқ тескен қаһарман майдангер ұрпақтың өкілі. Ол әдебиетке өз буыны бастан кешкен бай рухани тәжірибені ала келді. Сондықтан да ол шыншыл, сондықтан да ол сыршыл.

Өлім мен өмірдің екі дай таласын өз көзімен көріп, өз басынан өткергендердің шыншыл болмысқа жайы жоқ. Не бір ұлы шындықты өз жүрек елегінен өткізгендердің сыршыл болмасқа жайы жоқ. Әдебиеттегі жанашылдық – адам болмысын бұрынғыдан гөрі тереңірек түсінуге көмектесетін жаңа сыр. Арғы жағында ондай жаңа сыр, жаңа шындық жатпаған жанашылдық оқырманның жан дүниесін байытар жаңа қазына емес, жай әшейін көз алдар алабажак көңіл алдарқатар көп өтіріктің бірі. Ахтанов-прозашының, Ахтанов-драматургтің жанашылдығы – адамды неғұрлым тереңірек түсінуге, молырақ құрметтеуге үйретуді мақсат тұтқан жанашылдық. Өнердің адамға істей алар жалғыз шарапаты – өзін-өзі жақсырақ түсінуге, адамдық болмысты, адамдық талан-талайды, адамдық парызды жітірек түсінуге көмектесе алатыны, сол арқылы оны ізгілікке, өзге, өзі тектестерге деген мейірбандық пен сүйіспеншілікті шақыра алатындығы. Ахтанов-жауынгерді Ахтанов-жазушы еткен де өнердің осындай өктем, өрелі мінезі.

Қазіргі қазақ прозасында әлеуметтік мән, рухани пафос, характер шындығының тереннен табысқан жарасымынан тұратын кемел реализмнің қалыптасып нығаюына, әлеуметтік зерде мен азаматтық үннің күшеюінде Тахауи

Ахтанов шығармаларының үлесі мол. Ахтановтың қай шығармасы да оқушы көкірегінде адамдық бақыт, азаматтық мұрат туралы көкейкесті әңгіме боп қонақтай білді. Оқушы көкірегіндегі ондай оңаша өрелі сұхбат, жалпақ қауымның алдындағы жария-мәслихат, жаппай толғанысқа өз-өзінен сұранып тұратын болса керек.

Мен Ахтанов жайлы ойланған сайын 1961 жылдың жазы есіме түседі. Аяулы Мұхаң Москвада ауыр операция алдында көңілін сұрай барғандарға қаламдас достары мен інілерінің жайын көбірек айтып, көбірек толғап отырып еді. Сонда ұлы жазушының аузына ең көп түскен есімнің бірі Тахауи болды. Оның ажал алдында артындағы қауымға айтар аманатын Тахауи Ахтановқа жолдағаны да тегін болмаса керек. Ол Ахтанов бойындағы суреткерлік елгезектікке, ұлтты да өжет азаматтың ойға, рухани қайсарлыққа қатты сүйсініп, жазушы болашағынан үлкен үміт күткен еді. Жазушы Тахауи әрдайым сол үміт, сол дәмеден шығып келеді. Кемел жасындағы жарқын таланттың туған әдебиетіміздің мерейін көтерер келелі еңбегінің көбі алда деп білеміз.

*Зейнолла Қабдолов*

## ТАРЛАН ТАЛАНТ

Қазақ жазушылары буын-буын. Бір буыны – біздер: Әлімқұлов Тәкен, Шаймерденов Сафуан, Нұрпейісов Әбдіжәміл, Соқпақбаев Бердібек... боп жалғаса береді.

Басқасын білмеймін, меніңше дәл осы буынның басы – Ахтанов Тахауи.

Тахауи төлбасы боп, әріптестерінің алдында тұратын себебі – атасының аты «А» әрпінен басталатыны емес, әрине. Бұл арадағы барлық сыр, сымбат оның өмірі мен өнерінде жатыр.

Талант деген қыран секілді, қанатты нәрсе! Талант ретінде Тахауида қос қанат бар: бірі – реализм, екіншісі – психологизм. Тахауи өзінің сөз өнеріндегі қазіргі биігіне осынау қос қанатымен парлап, самғап шықты...

Дәл осы арада айта кететін бір ерекшелік – Тахауи ұшқанмен жөнсіз аспандамайды, реализм рельсінен шықпайды, орынсыз романтикаға ұрынбайды. Бұл да қаламгер